

ӘОЖ 94 (547)

**ОТАНДЫҚ ҒАЛЫМДАРДЫҢ ЗЕРТТЕУЛЕРІНДЕГІ ХХ ҒАСЫРДЫҢ 30-40
ЖЫЛДАРДАҒЫ ШЫҒЫС ТҮРКІСТАН МӘСЕЛЕЛЕРІ**

Алиакбарова Айнұр Пернебекқызы

ainurap@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ PhD докторанты

Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – т. ғ. д., профессор Дүкенбаева З. О.

Соңғы уақытта «Қазақ диаспорасы» елімізде әлеуметтік, гуманитарлық зерттеулер объектісіне айналууда. Диаспора - ежелгі термин, ұзақ уақыт бойы тек бүкіл әлемдегі еврейлердің шашырауына қатысты қолданылады. Диаспораға қатысты әртүрлі көзқарастар пайда болды. Тарихшылар үшін диаспора дегеніміз - адамдардың шыққан жерлерінен басқа салыстырмалы түрде кеңейтілген географиялық аймақтарға ерікті немесе еріксіз қозғалуы. Ғалым М.Тәтімов: «Диаспора деген грек сөзі, шашыранды өсу деген мағына білдіреді. Осылайша басқа жаққа кетіп, шашыранды жүргендердің немесе шоғыр болып отырғандардың өз ата-мекеніне қайтып оралғандарын репатрианттар дейді. Диаспораны қазақша шашырау, ал репатрианттарды ізгі тілекпен еліне қайтқан майтабандар деп айтып жүргеніміз осыдан»-деп паймдайды [1, 145]. Қазақстанның диаспорологиялық ғылымының қалыптасуында зор еңбек атқарған Г.М. Меңдіқұлова: «В современной политической науке понятие «диаспора» относится к одной из шести категорий этнической политики и характеризует этническую группу, проживающую в новых условиях, часто в нетрадиционной среде обитания. Диаспора создается миграциями, которые, в свою очередь, зависят от исторических событий, породивших, сформировавших и развивших ее» [2, 7].

Белгілі ғалымдар Ә.М. Нысанбаев пен Ә. Арғынбаев «Қазақ диаспорасы» (бөлшектенуі, шашырауы) дегеніміз-өз елі мен жерінен, атамекенінен, Қазақ мемлекеті шекарасынан тыс жерлерге бөлек этникалық ортаға ғасырлар бойы зұлматтық саясаттың жүргізілуіне байланысты қуғындалған халқымыздың қандас бөлшектері» деп анықтама береді. Пәлсапашы ғалымдардың бұл анықтамасы алғашқысы, ең толығы және ғылыми негіздісі деп мойындау қажет. Бұл анықтамасөз болып отырған атаудың мән-мағынасын жан-жақты қамтыған. Пәлсапашы ғалымдардың анықтамасын негізге ала отырып, оны

төмендегідей редакциямен толықтыруды ұсынып отырмыз: «Қазақ диаспорасы дегеніміз-басқыншылардың шапқыншылығы, сондай-ақ ғасырлар бойы жүргізген зұлматтық саясатының салдарынан өз атамекенінен тыс жерлерге, бөтен этникалық ортаға қуғындалған атамекендегі қазақтармен тілі, әдет-ғұрпы, діні бір, материалдық және рухани мәдениеті ортақ қазақ ұлтының қандас бөлшегі» [3, 24.] «Диаспора» сөзіне берілген осы соңғы анықтама толық сипатын ашып отыр.

Ғалым Б.Қалшабаева: «диаспора -деп негізгі ата жұрттан бөлініп, өзінің этникалық ортасынан жырылып қалған этнографиялық топты атаған. Ал, шет тілі сөздігіндегі анықтамаға қарағанда ол өз мемлекетінен, туып өскен ортасынан, халқынан бөлініп, тыс аймақтарға қоныс аударғанын білдіретін ұғым. Диаспора тікелей күштеп қудалау арқылы халықтарды өз отанынан көшіру, не геноцид қаупінен босқын болған халықтар тобын атайды. Диаспораның басқа да этникалық қауымдастықтардан айырмашылығы тарихи отаны емес жерлерде миграция арқылы да қалыптасады» [4, 7]. Однако характерной чертой казахской диаспоры является успешное функционирование в стране пребывания благодаря превосходной способности к адаптации, генетически заложенной кочевым образом жизни, который вели казахи и их предки на протяжении тысячелетии, повлиявших на их социально-психологические, физиологические и мировоззренческие особенности, благодаря которым, в свою очередь, они могут успешно функционировать в так называемых имперских странах.т.е. в странах с полиэтнической, мультикультурной и мультирелигиозной структурой [2, 9].

Соловьева Г.Г.: «..диаспора играет громадную роль в формировании нового типа социального миропорядка-мобильного пластичного децентрализованного, многополярного, поливариантного. Диаспора выступает как посредник, медиатор, утверждающий возможности диалога культур и цивилизаций. Сохраняя в стране проживания уникальный опыт культуры и национальный образ мира, диаспора внедряется в тело культуры того народа, в стране которого она проживает» [5, 135]. Шетелдердегі барлық қазақтарды «диаспора» деп атау көптеген ғылымдардың ғана емес, Г.Балтабаева, айтқандай, ресми құжаттарға де еніп кетті. Сонда ата қоныста отырған қазақтар_мен оның ұрпақтары бұл мәселеге қалай қарайды?! Сондықтан оларды шетелде қалған қазақтар деп атаған жөн. АҚШ-та, Германияда, Францияда, Түркияда және т.с.с елдерде қалыптасып, өмір сүруде [6, 43]. Қазақ диаспорасын - «мобильді диаспора»-деп, қабылдаушы елде саяси ықпал етпесе де, бірақ өзінің жоғары коммуникативті, ұйымдастырушылық және бейімделу қабілеттері, дәстүрлі білімдерді қолдана отырып, жаңа экономикалық жүйеге бейімделе білген диаспора өкілдерін айтуға болады [2, 18]. Бұл сипаттама Түркиядағы қазақ диаспорасына қатысты болып отыр.

Енді осы Түркиядағы қазақ диаспорасының қалыптасу тарихына тоқталып өтсек. Түркия қазақтарының ата-бабасының шыққан жері киелі Шығыс Түркістан жері. Біртұтас алаш идеясын кие тұтатын қазақтар үшін: Шығыс Түркістан дегеніміз-көне түркінің «мәңгілік ел» идеясының аясында өмір сүрген түркі дүниесінің ата мекені. Шығыс Түркістан-бөлшекке түскен қазақ жері, Шығыс Түркістан дегеніміз-бөлінге түскен қазақ елі [7, 7]. Қытай қазақтарының арасындағы ірі-ірі толқулар мен шет жұрттарға ауа көшу алдымен Шығыс Түркістандағы Баркөл қазақтарынан басталды [8, 53]. Шэн Шицай Баркөл қазақтарының түп қотарыла шығысқа қарай көшкенінен хабар алған соң, дереу зор көлемді қуғыншы жасақ дайындап, оларды алты бағытқа бөліп, көшкен елдің соңынан жібереді. Шэн Шицай әскерлерінің қуғындауында көптеген қазақ шаруалары оққа ұшады. Кәріп-кәсірлер, әйелдер мен балалар аяусыз қырғынға ұшырайды. Бірақ, ауған ел алған беттерінен қайтпай, Шэн Шицай әскеріне тосқауылдап тойтарыс бере отырып, олады да көп шығынға ұшыратты. Ауған ел Лом деген жерге жеткенде, бұрынғы алты бағыттағы көш бір-біріне бірігіп, үш бағытқа айналады, ірі шебер жолбасшылары мен құралды жасақтардың қорғауында алдарына қарауыл, арттарына тосқауыл қойып үздіксіз жылжып отырады. Көшкен елдің тосқауылшы жасақтарының күшті қарсылығының арқасында соғыс 3 күнге ғана ұласып, ауған елдің көп бөлігі тағы да аман қалады [9, 74].

Ғалым Г.Меңдіқұлова өз еңбегінде: «По воспоминаниям Халифе Алтая, в районе Атурк один китайский начальник совершил насилие над уйгурской девушкой, за которую стали мстить уйгуры под руководством Ходжи Нияза. По словам Халифе Алтая, данный факт послужил поводом для начала восстания 1931 г.» - деп дерек келтіреді [2, 115].

Өр Алтайдың ұлт азаттық күресі қарсаңындағы әртүрлі алман-салықтың көбеюі мен халыққа қарата жүргізілген Қытай қырғындауларының себебінен 1935,1936,1937 жылдары Көктоғайдағы Сұлтаншәріп тәйжі ителі руынан мың үйді бастап ілгерінді-кейінді Гансу өлкесінің Дунхуаң ауданына көшіп барды. Елісхан 400 адамды бастап Чинхайдың Кіреку хошуына барды [10,22]. Біз Шығыс Түркістан қазақтарының ХХ ғасырдың 30-шы жылдарындағы түрлі әлеуметтік қиыншылықтарын тілге тиек еткенде, бұл қиыншылықтардың тарихи тамырын тек сол 30-шы жылдардан атап айтқанда, Шэн Шицайдың террорлық үстемдігінен ғана іздесек жеткіліксіз болар еді. Өйткені, қазақ халқының қолынан биліктің кетуі, сол арқылы өзінің тарихи ата қонысында басқаларға кіріптар күй кешуі, қорлық-зорлық көруі тек Шэн Шицай билік құрған дәуірімен ғана шектелмейтін. Бұл кіріптарлықтың тарихи тамыры ХІХ ғасырдағы Ресей мен Ман-Цин империяларының қазақ жерін сырттай бөліске салуы кезінен басталған-ды [9, 66]. Саяси жағдайлардың орын алуына байланысты қазақтар жан-жаққа көшті деп айтылады. Бұл дерек, біз қарастырып отырған уақытта Шығыс Түркістан қазақтарының көш бағыты тек Тибет, Үндістанға бағытталғанын аңғартады.

Ғ. Ақытұлы айтқанындай: «бұл тәңертең бар адамның кешкі өміріне, кешқұрым бар адамның ертеңгі өміріне көзі жетпейтін, бір кесе суды да күрсінусіз іше алмайтын, дүбір шықса үрей ұшатын, жан біткеннің бір аяғы жерде, бір аяғы көрде тұратын мүшкіл кез еді» [11, 37]. Оның үстіне қазақтар қоныстанған өңірлердің шаруашылық жағдайының күрт төмендеп, алым-салықтардың ауырлай түсуі, халықтың біраз бөлігінің шет жұрттарға ауа көшуі 1935-1940 жылдардағы Шығыс Түркістандағы саяси дағдарысты онан сайын ушықтыра түсті [8, 41].

Шыңжаң қазақтарының көшуінің саяси себептері әртүрлі болды, бірақ басты себебі экономикалық-жайылым мәселесі болды. Шыңжаң қазақтары негізінен көшпелі мал шаруашылығымен айналысты, олардың өнімдері осы аймақтың экономикасында маңызды рөл атқарды. Алайда, көшпелілер мен отырықшы фермерлер арасындағы жайылымдар, тоғандар және суару каналдары туралы дау-дамайлар үнемі қарулы күреске жеткен. Міне, сол кезде Маньчжурия билігі кезінде жайылымдарға негізгі құқықтар моңғолдарға беріліп, қазақтар осы жерді жалға алушы ретінде қарастырыла бастады [2, 64].

Қорыта айтқанда, ХХ ғасырдың 30 жылдарының соңы мен 40 жылдарының басында Синьцзян қазақтарының тұрмыстық хал-ахуалы өте қиын жағдайда еді. Оған себеп, Шэн Шицай үкіметінің шаруашылық саясатының тұрақсыздығы, әрі алым-салықтың барған сайын көбеюі, ұлттық езгі мен қанаудың күшеюі дер едік. Мұның арты қоғамдық қайшылықтардың барған сайын асқынуына және әлеуметтік тұрақсыздыққа әкеліп соқтырды [8, 51]. Ұрпақтың есінен шықпайтын аса ауыр жағдай соңғы үш билеуші- Яң зишын, Жын шорын, Шың шисай билеген жылдарда өтіп еді. Шың шисай билеген дәуірдегі жауыздық қанмен жазылып тарихта қалды [9, 278].

Көш соңынан қалған елге де оңай болған жоқ. Себебі, көшпен бірге туғаны мен бауыры, ағайындары кетті. Бүтіндей елдің шаңырағы шайқалды. Ғұлама ғалым Халифа Алтай: « Шетелдерге шыққан көштердің ішінде біздің көшіміз табанынан қан аққан "қызыл табан шұбырынды" көш екені айқын. Өйткені, дүниенің ең қорқынышты шөлі Такламаканнан өттік».Осылайша, Түркиядағы қазақ диаспорасының қалыптасу тарихына сонау ХІХ ғасырдың соңы мен ХХ ғасырдың І-жартысындағы Шығыс Түркістандағы саяси жағдайлар әсер етті.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Тәтімов М. Қазақ әлемі. (Қазақтың саны қанша? Қазақ қашан, қайдан қуылған, қырылған және атылған?)-Алматы:Қазақстан-Атамұра, 1993.-160 бет.

2. Мендикулова Г.М. Исторические судьбы казахской диаспоры. Происхождение и развитие..Алматы, 1997. 264 с.
3. Қозғамбаева Г.Б. Моңғолиядағы қазақ диаспорасының тарихы:өткені мен бүгіні.- Алматы,2017.-202 б.
4. Қалшабаева Б. Орта Азия қазақтары (тарихи-этнографиялық зерттеу) [Мәтін] : тарих ғылым. докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған дисс.: Алматы, 2010.
5. Соловьева Г.Г. Казахская диаспора: опыт межкультурной коммуникации на евразийском пространстве./Еуразилық интеграция және қазақ диаспорасы.-Алматы,2007.-216 б.
6. Асылбек М-А.Х., Асылбекова Ж.М.-А. Шетел қазақтарын зерттеудің қорытындылары мен міндеттері.46 // Қазақ диаспорасының жасампаз әлеуеті: тарихы және заманауи келбеті:респ.ғыл.-практ.конф. материалдары.-Алматы: Дүниежүзі қазақтарының қауымдастығы «Атажұрт» баспа орталығы, 2013. -480 б.
7. Қазақ ұлттық қозғалысы. Қ 17 Шығармалары.-Алматы,2009 Т.13.-352 б.
8. Қайыркен Т.З. 1940-1949 жылдардағы Сынцзян қазақтарының ұлт-азаттық қозғалысы.т.ғ.к. дәр.диссер., Алматы.
9. Тұрсынхан Закенұлы. Ұмытылған республика. (Шығыс Түркістан қазақтарының ұлт-азаттық қозғалысы. 1940-1949)/Қазақ ұлт-азаттық қозғалысы. 12 том. Шығыс Түркістандағы ұлт-азаттық қозғалысы 1930-1950. (құжаттар және материалдар жинағы), Астана,2008, -334 б
10. Шәкенұлы Ж. Қытайдағы қазақтар.-Алматы,2007.-240 б.
11. Ахметбекқызы Г. Қытайдағы қазақтардың саяси жағдайы мен әлеуметтік өмірі (1919-1949 жж.) тарих.канд., дәр. Дайын.диссер. Алматы, 2002.